



## Азаматтық қызметшілердің бос лауазымдарына орналасуға конкурс туралы ХАБАРЛАНДЫРУ

### 1) мекен жайы көрсетілген конкурс өткізетін ұйымның атауы, пошталық мекен жайлары, телефон және факс нөмірлері, электрондық пошта мекен жайлары:

"Қарағанды облысы білім басқармасының Шахтинск қаласы білім бөлімінің "Қарлығаш" бөбекжайы" КМҚК:

Заңды мекен жайы - Қарағанды облысы, Шахтинск қаласы, Ленинградская көшесі, 69 А ғимараты, анықтама телефоны: (872156) 64912,

E-mail:[shahtinsk\\_karlygash@krg.gov.kz](mailto:shahtinsk_karlygash@krg.gov.kz) мемлекеттік қызметшілердің бос лауазымдарына конкурс жариялайды.

### 2) негізгі функционалдық міндеттері, еңбекке ақы төлеу мөлшері мен шарттары көрсетілген бос лауазымдар атауы:

1.Қазақ тілінде оқытатын тәрбиеші - 1 педагог

2.Музыкалық жетекші-1 педагог

3.Педагог-психолог – 1 педагог

## 2.1. Тәрбиешінің функционалдық міндеттері

Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғауды қамтамасыз етеді, оларды тәрбиелеу мен оқытуда денсаулық сақтау технологияларын қолданады. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына, жас тобының үлгілік оқу жоспарына сәйкес ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесіне сәйкес педагогикалық процесті жүзеге асырады, пәндік-дамытушылық ортаны құрады, балалар қызметіне (ойын, танымдық, қозғалыс, бейнелеу, еңбек) басшылық етеді. Балалармен жұмыс жасауда тұлғаға бағытталған тәсілді жүзеге асырады. Дамуында ауытқулары бар балалармен түзету қызметі саласындағы мамандарға көмек көрсетеді, жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, оқу-әдістемелік әдебиеттерді зерделеу негізінде және топ балаларының жеке білім алу қажеттіліктерін ескере отырып тәрбие-білім беру жұмысын жоспарлайды. Қол жеткізілген нәтижелерді талдау негізінде білім беру қызметін жобалайды. Мектепке түсу кезінде бірдей бастапқы мүмкіндіктерді қамтамасыз ету үшін ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды және әдетте дамып келе жатқан балаларды бірлесіп тәрбиелеу және оқыту жағдайында әлеуметтендіруді жүзеге асырады. Мамандардың ұсынымдарын ескере отырып, ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар әрбір балаға жеке қарауды қамтамасыз етеді. Отандық және шетелдік тәжірибені зерттеу негізінде үздік тәжірибелерді зерттеу, жалпылау, тарату және енгізу мен айналысады. Мектепке дейінгі жастағы балаларды тәрбиелеу және оқыту мәселелері бойынша ата-аналарға консультациялық көмекті жүзеге асырады. Балалардың мүдделері мен құқықтарын қорғайды. Білім беру процесінің барлық субъектілерінің, оның ішінде балалар отбасының қатысуымен ұйымда "Құндылықтарға негізделген білім беру" тұжырымдамасын енгізеді.

## Музыкалық жетекшінің функционалдық міндеттері

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес балалардың музыкалық тәрбиесі мен эстетикалық дамуын жүзеге асырады. Музыкалық сабақтарды, балалар мерекелерін және басқа да мәдени-бұқаралық іс-шараларды ұйымдастырады және өткізеді, музыкалық дарынды балаларды анықтайды, балалармен жеке жұмыс жүргізеді.

Балалардың ойын әрекетін ұйымдастыруға қатысады, түрлі музыкалық-дидактикалық ойындар өткізеді. Педагогикалық кеңестерді дайындауға, әдістемелік бірлестіктердің жұмысына қатысады. Балалармен жұмыс істеу тәжірибесіне инновациялық педагогикалық тәжірибені енгізеді. Ата-аналар мен тәрбиешілерге балалардың музыкалық тәрбиесі мәселелері бойынша

кеңес береді. Білім беру процесінің барлық субъектілерінің, оның ішінде балалар отбасының қатысуымен ұйымда "Құндылықтарға негізделген білім беру" тұжырымдамасын енгізеді.

### **Педагог-психологтың функционалдық міндеттері**

Мектеп жасына дейінгі балалардың психологиялық және әлеуметтік әл-ауқатын қамтамасыз етуге және қалыпқа келтіруге бағытталған қызметті жүзеге асырады; баланың дамуы мен мінез-құлқындағы проблемаларды анықтайды. психикалық, эмоционалдық-коммуникативтік және тұлғалық даму деңгейі мен ерекшеліктеріне психологиялық диагностика жүргізеді, психологиялық қорытынды жасайды; Мектеп жасына дейінгі балалардың жеке басының дамуына кедергі келтіретін факторларды айқындайды, әртүрлі психологиялық (психопрофилактикалық, дамытушылық және консультациялық) көмек көрсетеді; қажет болған жағдайда ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалауға қатысады және балаларға арналған жеке-дамытушылық бағдарламалар жасайды, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар, сондай-ақ педагог-ассистент жүзеге асыру үшін балалардағы проблемалық мінез-құлықты еңсеру жөніндегі бағдарламалар оларды жеке, кіші топтық және топтық дамыту сабақтары түрінде іске асырады; мектеп жасына дейінгі шығармашыл дарынды балаларға психологиялық қолдау көрсетеді, олардың дамуына, шығармашылық қабілеттерін ашуға жәрдемдеседі; ата-аналарға, тәрбиешілер мен педагогтарға консультациялық көмек көрсетеді; белгіленген нысан бойынша құжаттаманы жүргізеді, педагогикалық, әдістемелік кеңестердің жұмысына, білім беру ұйымының жұмыс жоспарында көзделген ата-аналар жиналыстарын, сауықтыру, тәрбие және басқа да іс-шараларды өткізу жөніндегі жұмысқа қатысады; кәсіби құзыреттілігін арттырады, мектеп жасына дейінгі балалармен психологиялық жұмыстың заманауи әдістері мен технологияларын қолданады; балалардың өмірін, денсаулығын және құқықтарын қорғауды қамтамасыз етеді; еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қорғау ережелерін сақтайды.

## **2.2. Жалақы**

Сілтеме, қадам	Қызмет еткен жылдарына байланысты	
	min	max
<b>B2-1</b>	<b>158282</b>	<b>182044</b>
<b>B2-2</b>	<b>147550</b>	<b>172845</b>
<b>B2-3</b>	<b>146401</b>	<b>172460</b>
<b>B2-4</b>	<b>134905</b>	<b>160582</b>
<b>B3-1</b>	<b>151384</b>	<b>173230</b>
<b>B3-2</b>	<b>142850</b>	<b>168250</b>
<b>B3-3</b>	<b>140652</b>	<b>164415</b>
<b>B3-4</b>	<b>127652</b>	<b>142955</b>

### **Төлем шарттары**

Айлық жалақының мөлшері жыл сайынғы тарифтеу тізімімен айқындалады

### **3. Біліктілік талаптарына сәйкес конкурсқа қатысушыға қойылатын негізгі талаптар:**

**Тәрбиеші:** жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі немесе техникалық және кәсіптік педагогикалық білім немесе "мектепке дейінгі тәрбие және оқыту" бағыты бойынша жоғары және (немесе) жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі және (немесе) техникалық және кәсіптік педагогикалық білім немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжат, жұмыс өтіліне талаптар қойылмайды; және (немесе) біліктіліктің жоғары деңгейі болған кезде мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешісі лауазымындағы жұмыстар: педагог-модератор және педагог-сарапшы үшін кемінде 2 жыл, педагог-зерттеуші кемінде 3 жыл, педагог-шебер үшін – 5 жыл; және (немесе) біліктілігінің орташа деңгейі болған кезде мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешісі лауазымындағы жұмыс өтілі: педагог-модератор үшін кемінде 2 жыл; педагог-сарапшы үшін – кемінде 3 жыл, педагог-зерттеуші үшін кемінде 4 жыл.

### **Білуі керек:**

Қазақстан Республикасының Конституциясы, "Білім туралы", "Педагог мәртебесі туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының заңдары және білім беруді дамытудың бағыттары мен перспективаларын айқындайтын Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілері; мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты; мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасының мазмұны мен құрылымы; педагогикалық әдеп нормалары; Психология және педагогика, алғашқы дәрігерге дейінгі медициналық көмек көрсету қағидалары, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қағидалары, санитариялық қағидалар; мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды ұйымдастыру жөніндегі нормативтік-құқықтық құжаттар; еңбек заңнамасының негіздері, ішкі еңбек тәртібі, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өрттен қорғау қағидалары, санитариялық қағидалар мен нормалар.

**Музыка жетекшісі:** жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі немесе техникалық және кәсіптік педагогикалық немесе музыкалық білім немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжат, жұмыс өтіліне талаптар қойылмайды; және (немесе) біліктіліктің жоғары немесе орта деңгейі болған кезде педагог-модератор үшін кемінде 3 жыл, педагог-сарапшы үшін - 4 жыл, педагог-модератор үшін -зерттеуші-5 жыл және (немесе) біліктіліктің жоғары деңгейі болған кезде педагог-шебер үшін жұмыс өтілі-5 жыл.

### **Білуі керек:**

Қазақстан Республикасының Конституциясын, "Білім туралы", "Педагог мәртебесі туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының заңдарын және білім беруді дамытудың бағыттары мен перспективаларын айқындайтын өзге де нормативтік құқықтық актілерді;мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын;педагогикалық әдеп нормаларын;балалар репертуарының музыкалық шығармаларын, музыкалық тәрбие әдістемесін;еңбек заңнамасының негіздерін, ішкі еңбек тәртібі, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өрттен қорғау, санитарлық ережелер мен нормалар.

**Педагог-психолог:** "Педагогика және психология" бейіні бойынша "Психология" бағыты бойынша жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық білім немесе "Психология" бейіні бойынша педагогикалық қайта даярлауды, медициналық білім беруді растайтын құжат, жұмыс өтіліне талаптар қойылмайды; және (немесе) біліктілігінің орта және жоғары деңгейі болған кезде мамандықтары: педагог-модератор үшін кемінде 3 жыл, педагог-сарапшы үшін-кемінде 4 жыл, педагог-зерттеуші үшін кемінде 5 жыл; және (немесе) біліктіліктің жоғары деңгейі болған жағдайда педагог-шебер үшін мамандық бойынша жұмыс өтілі – 5 жыл.

### **Білуі керек:**

Қазақстан Республикасының Конституциясы, "Білім туралы", "Педагог мәртебесі туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының заңдары және білім беру мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілері; жалпы психология, педагогикалық психология және жалпы педагогика, жеке тұлға психологиясы және дифференциалдық психология, балалар және жас психологиясы, Әлеуметтік психология, медициналық психология, балалар нейропсихологиясы, Патопсихология, психосоматика; педагогикалық этика нормалары;арнайы мектепке дейінгі педагогика, психотерапия, психодиагностика, психологиялық кеңес беру және психопрофилактика негіздері; белсенді оқыту, әлеуметтік-психологиялық қарым-қатынас тренингінің әдістері; ата-аналарға арналған жеке және топтық кәсіби кеңес берудің, баланың дамуындағы бұзушылықтарды диагностикалау мен түзетудің заманауи әдістері; Еңбек заңнамасының негіздері, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өрттен қорғау, санитарлық ережелер.

## **4. Конкурс өткізу туралы хабарландыру соңғы жарияланғаннан кейін келесі жұмыс күнінен бастап есептелетін құжаттарды қабылдау мерзімі:**

**Құжаттарды қабылдаудың басталу күні:** 2024 жылғы 15 наурызынан бастап

**Құжаттарды қабылдаудың аяқталу күні:** 2024 жылғы 28 наурызы

## **5. Қажетті құжаттар тізбесі:**

1) осы Қағидаларға 12 қосымшаға сәйкес нысан бойынша қоса берілетін құжаттардың тізбесін көрсете отырып конкурсқа қатысу туралы өтініш;

2) жеке басты куәландыратын құжат немесе цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін);

3) кадрларды есепке алу бойынша толтырылған жеке парақ (нақты тұрғылықты мекенжайын және байланыс телефондарын көрсете отырып-бар болса);

4) педагогтердің үлгілік біліктілік сипаттамаларымен бекітілген лауазымға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес білім туралы құжаттардың көшірмелері;

5) еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі (бар болса);

6) "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген);

7) Психоневрологиялық ұйымнан анықтама;

8) Наркологиялық ұйымнан анықтама;

9) сертификаттаудан өту нәтижелері туралы сертификат немесе қолданыстағы біліктілік санатының болуы туралы куәлік (бар болса);

10) 16 қосымшаға сәйкес нысан бойынша педагогтің бос немесе уақытша бос лауазымына кандидаттың толтырылған бағалау парағы.

11) кандидат үшін кемінде 10 минут жұмыс өтілі жоқ, ең төменгі ажыратымдылығы 720 x 480 бейне презентация(өзін – өзі таныстыру).

12) Кандидат болған жағдайда оның біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми/академиялық дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми немесе әдістемелік Жарияланымдар, біліктілік санаттары туралы құжаттардың көшірмелері) ұсынады.

## **6. Құжаттарды тапсыру орны, байланыс телефоны және конкурсты өткізуді ұйымдастыруға жауапты тұлға:**

"Қарағанды облысы білім басқармасының Шахтинск қаласы білім бөлімінің "Қарлығаш" бөбекжайы" КМҚК:

Заңды мекен жайы - Қарағанды облысы, Шахтинск қаласы, Ленинградская көшесі, 69 А ғимараты, анықтама телефоны: (872156) 5-37-09

E-mail:[shahtinsk\\_karlygash@krg.gov.kz](mailto:shahtinsk_karlygash@krg.gov.kz)

*Құжаттарды қабылдауға жауапты тұлға: хатшы О.С.Мартовская*